Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Жуалы ауданының білім бөлімінің
«Билікөл» бөбекжай -балабақшасы МКҚК

Қарабастау ауылы 05.01.2025жыл

Кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының хаттамасының көшірмесі

Педагогикалық кеңес төрағасы – Р.Танкибаева
Хатшы – М.Тузелбекова
Қатысқаны: 7
Қатыспағаны: 0

Күн тәртібі:

1. «Билікөл» бөбекжай - балабақшасын аттестаттау туралы.

Тыңдалды:

1. 2025 жылдың ақпан айында бөбекжай-балабақшада кезекті мемлекеттік аттестаттау жүргізілетіндігі туралы.

Сөз алды: «Билікөл» бөбекжай-балабақша меңгерушісі Роза Танкибаева өз сөзінде 2025 жылдың ақпан айына бөбекжай-балабақшада кезекті мемлекеттік аттестаттау жүргізілетіндігін хабарлады.

Ұжымды 2025 жылдың 05 қантардағы бөбекжай-балабақшаның өндірістік бұйрығымен таныстырды. Бөбекжай-балабақшаның өзін-өзі бағалау жоспары жасалып, мерзімі белгіленді. Осы бағытта комиссия мүшелері құрылды. Комиссия құрамына тәрбиешілер кіргізілді.

Бөбекжай-балабақшаның меңгерушісі Роза Танкибаева Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңының 59 бап 4.1 тармақтарына тоқталды. Жауапты комиссия мүшелеріне тапсырмалар беріліп, өзін-өзі бағалау құжаттарын 2025 жылдың 14 ақпанға дейін тапсыру керек екендігін ескертті.

Шешімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының және Жамбыл облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 04 қарашадағы «2025 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде» 2025 жылдың ақпан айына «Билікөл» бөбекжай-балабақшасы кезекті мемлекеттік аттестаттаудан өткізілсін.

1.1. Мемлекеттік аттестаттау кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген өлшемшарт негізге алынсын.

1.2.2025 жылдың 14 ақпанға дейін өзін–өзі бағалау құжаттары Интернет-ресурстарында орналастырылсын:

- Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы;
- Кадрлық құрамға талдау;
- Тәрбиеленушілердің контингенті;
- Оқу–әдістемелік жұмыс;
- Оқу-материалдық активтер;
- Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры;
- Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалануы;
-Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б.сауалнамасы.

1.3.Өзін – өзі бағалау құжаттары 10.02.2025 жылға дейін дайындалсын.

1.4.Бөбекжай-балабақшаның Өзін–өзі бағалау құжаттары 2025 жылдың 10 ақпанында кезектен тыс педагогикалық кеңесте қаралсын.

«Билікөл» бөбекжай-балабақша меңгерушісі. Р.Танкибаева